



Бекітемін: *А. Каримова*  
Гимназия директоры  
К.А. Муханова

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес  
«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын  
іске асыру үшін атқарылатын ІС-ШАРАЛАР жоспары  
2022-2023 оқу жылы.

Аға тәлімгер: Каримова Аяулым Кемеловна

Петропавл қаласы

### **Парламенттің мақсаты:**

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

### **Парламенттің міндеттері:**

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

### **Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:**

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

Парламенттің мектептегі қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, колледж бен ЖОО-да Жастар ісі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ЖІК) төрағасы үйлестіреді.

Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 8 фракцияға депутаттар сайланады.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны – жобалық менеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

Мектеп оқушылары, колледж, ЖОО студенттері Парламент депутаттары бола алады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Парламенттердің жобалау қызметін жүзеге асыру үшін мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындары базасында жобалау кенселері (бұдан әрі – жобалау кенселері) құрылады.

**Жобалық кеңселер:**

- жыл бойы парламент фракцияларының жобалық қызметін;
- мектеп, колледж, ЖОО Президентін сайлау және өзін-өзі басқару күндерін;
- алқалы органдардың жұмысына қатысуды үйлестіреді.

Әр жобаға түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар, флешмобтар, экскурсиялар, жорықтар, турнирлер және т. б. кіреді.

Парламент Президентінің сайлауы жылына 1 рет қыркүйек айында өткізіледі.

Парламент мүшелерін, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларын ынталандыру үшін көтермелеудің мынадай түрлері мүмкін: мадақтамалар, дипломдар, «Мектеп Парламентінің көшбасшысы», «Студенттік Парламенттің көшбасшысы» медальдары, стипендиялар, табысты жобаны «Платиналық идеялар» әлеуметтік бастамаларының ұлттық базасына енгізу, Қазақстан бойынша сапарлар, «Балдәурен» РОСО сауықтыру және басқа да лагерьлерде балаларды сауықтыру.

Мектеп және студенттік жобалау кеңселерінің жобалар рейтингтері, Парламент туралы толық ақпарат мектеп, колледж және ЖОО-ның сайттарында орналастырылады.

Жыл сайын балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей республикалық диалог алаңы –Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенттері көшбасшыларының республикалық слеті өткізіледі.

**Күтілетін нәтижелер:**

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;

**Қыркүйек**

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мақсаты	Жауапты	Қатысушылар	Мерзімі
1	«Сыңғырла қоңыраудың алғашқы үні» атты 1-қыркүйек білім күні мерекесін өткізу	Қоғамда өздерін көрсете және өз елін пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы – патриот тәрбиелеу.	ДТЖО, Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	01.09
2	«Гимназия президенті» гимназияшілік сайлау	<i>Парламент мүшелерін сайлау</i>	Аға жетекші, мектеп парламенті	7-10 сынып оқушылары	23.09
3	«Бүгінгі күннің нақыл сөзі» ұлағатты сөздер айдары «Мектеп өмірінің бір күні» жобасы	1.Оқушыларды ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. 2.Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	5-11 сынып оқушылары	29.09
4	«Ұстаз-мектеп жүрегі» мерекелік концерт «Мектеп өмірінің бір күні» жобасы	Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.	11-сынып, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	07.10
5	«Таза оқулық» атты оқулықтар рейдін жүргізу	Оқушыларды кітаптарын ұқыпты, таза ұстауға бейімдеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	27.09
<b>Қазан</b>					
№	Өткізілетін іс-шаралар	Мақсаты	Жауапты	Қатысушылар	Мерзімі
1	«Қыз тәрбиесі-үлт болашағы» қыздарға арналған конференция «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы	1.Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына	ДТЖО, мектеп психологтері, әлеуметтік ұстаз, аға жетекші,	5-11 сынып оқушылары	03.10

		рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайлық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. 2. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.	мектеп парламенті		
2	«Мектеп парламентінің» отырысы	Оқушыларды отан сүйеге, құрметтен қастерлеуге, өз елін, тарихын білуге тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	Мектеп парламент мүшелері	07.09
3	«Күнделік-оқушы айнасы» рейд өткізу	Күнделіктерін таза ұстауға дағды қалыптастыру	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	27.10
<b>Қараша</b>					
№	Өткізілетін іс-шаралар	Максаты	Жауапты	Қатысушылар	Мерзімі
1	«Қоршаған ортаны қорғау» конференция 6-10 сыныптар «Экологиялық мәдениетті ерте жастан бастап қалыптастыру» жобасы	1. Қоршаған ортаны қорғау мәселені бойынша ақпарат алмасу, білгендерімен бөлісу. 2. Оқушылар дәл қазіргідей күрделі кезеңде табиғатқа көмек көрсетудің жолын іздеу	10 «А», «Ә» Аға жетекші, мектеп парламенті	6-10 сынып оқушылары	2 апта
2	«Балалар Конвенциясы» күніне орай «Бала құқығы-адам құқығы» туралы бейнеролик көрсету	1. Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. 2. Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгеру, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету.	Аға жетекші, мектеп парламенті	5-7 сынып оқушылары	29.11
3	Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын, тазалығын, кітап тазалығын тексеру.	Гимназия оқушыларының бойында тәртіп, тазалық дағдыларын қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	30.11

<b>Желтоқсан</b>					
<b>№</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Мерзімі</b>
1	«Қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән бе?» дебат	Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту	Амиржанова С.Д, мектеп парламенті	5-10 сынып оқушылары	1 апта
2	«Қош келдің, Жаңа жыл!»	Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматтар жетілдіру. Балаларды бір-біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	4 апта
3	«Күнделік-оқушы айнасы» рейд өткізу	Күнделіктерін таза ұстауға дағды қалыптастыру	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	28.12
<b>Қаңтар</b>					
<b>№</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Мерзімі</b>
1	«Тілге құрмет» апталығы	Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру. Тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту.	Кітапханашы, мектеп парламенті	1-8 сынып оқушылары	2 апта
2	«Қағам және заң» пікірталас «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы	Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіріп, құқықтық сауатқа тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	7 сынып оқушылары	3 апта
3	«Ең бағалы күнделік!» «Ең таза күнделік»	Күнделіктерін таза ұстауға дағды қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-10 сынып оқушылары	30.01
<b>Ақпан</b>					
<b>№</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Мерзімі</b>
1	«Оқуға құштар бала» әдеби-шығармалар сайысын өткізу	Оқушылар арасында кітап оқу - мәдениетін қалыптастыру, балаларды кітапқа деген ынтызарлығын ояту,	Каликова Ы.Б, Аға жетекші,	5-11 сынып оқушылар	3 ақпан

		классик жазушылардың, балалар жазушыларының шығармаларын көпшілікке насихаттау.	мектеп парламенті		
2	Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын, тазалығын, кітап тазалығын тексеру.	Гимназия оқушыларының бойында тәртіп, тазалық дағдыларын қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	27.02
<b>Наурыз</b>					
<b>№</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Мерзімі</b>
1	1 наурыз «Ел жұртының алғысына бөленген жандар» Алғыс айту күні	Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік. Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	01.03
2	«Ең бағалы күнделік!» «Ең таза күнделік»	Күнделіктерін таза ұстауға дағды қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-10 сынып оқушылары	17.03
<b>Сәуір</b>					
<b>№</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Мерзімі</b>
1	1-сәуір «Күлкі күні» іс-шара	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Спорттық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы дамыту. Мейірімділікке, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сыныптар оқушылары	03.04
2	«21 ғасыр азаматы» 9-сыныптар «Үнем-қоғам қуаты» жобасы	Оқушылардың информатика пәнінен меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, білімді, жан-жақты болуға үйрету, жаңа заманғы технологиялық жаңалықтарды меңгерту.	Аға жетекші, мектеп парламенті	9 сынып оқушылары	2 апта

	«Күнделік-оқушы айнасы» рейд өткізу	Күнделікті таза ұстауға дағды қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	27.04
<b>Мамыр</b>					
№	Өткізілетін іс-шаралар	Мақсаты	Жауапты	Қатысушылар	Мерзімі
1	«1-мамыр бейбітшілік мерекесі» Ұлттар достығы мерекелік іс-шара	Оқушыларды тілін сүйеге, оны қадірлеуге, құрметтеуге баулу. Тіл құдіретін, қсиетін білуге тәрбиелеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	5-11 сынып оқушылары	1 апта
2	«Ұмытылмайтын жеңіс, ұмытылмайтын хат» патриоттық әндер чөлөнджі	Жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.	Аға жетекші, мектеп парламенті	5-10 сынып оқушылары	1 апта
3	«Сыңғырла соңғы қонырау» салтанатты жиын	Мектеп бітіруші түлектерге орта білім туралы аттестат тапсыру, білім ордасы мектеппен және балалық шақпен қоштасып, болашаққа бет алған түлектерге сәт сапар тілеу.	Аға жетекші, мектеп парламенті	1-11 сынып оқушылары	25.05